

## Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы.

№1

Күні: 26 ақпан 2021 жыл  
Қатысқаны: 7  
Қатыспағаны: жоқ

1. Қ.Н.Мұзафаров – мектеп директоры, /комиссия төрағасы/
2. Ғ.Ж.Нағымжанова – мектеп директорының тәрбие ісінің орынбасары, /хатшысы/
3. Ө.С.Зайырова - әлеуметтік ұстаз, /комиссия мүшесі/
4. Д.А.Ахметбеков – қамқоршылық кеңесінің төрағасы
5. М.Т.Зайыров– ата-аналар комитетінің төрағасы, /комиссия мүшесі/
6. Б.Сыздықова- ата-аналар комитетінің мүшелері
7. А.Мұратова - ата-аналар комитетінің мүшелері

### Күн тәртібінде:

1. 2020-2021 оқу жылында жалпыға міндетті оқу қорынан мектеп оқушыларын бір мезгіл ыстық тамақпен қамту – мектеп директоры
2. Ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімін бекіту- әлеуметтік педагог
3. Оқушылардың тамақтануына жағдайдың жасалуы, асхана жұмысы, мектептегі санитарлық талаптардың сақталуы - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
4. Ата –анамен мектеп арасындағы қарым қатынас – қамқоршылық кеңесінің төрағасы

### Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры Қайриден Мұзафаров сөз алды. Сөзінде: Баянауыл аудандық білім бөлімінің 2021 жылдың 3 наурызынан бастап жалпыға міндетті оқу қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылуға аудандық бюджет есебінен 3 443 000 теңге қаржы бөлінді. Осының 2021 жылдың қаңтарынан 2021 жылдың 30 желтоқсаны аралығында ыстық тамаққа 3 366 184 теңгесі, 76816 теңгесі атаулы әлеуметтік көмек алатын (АСП)-2 оқушының киім кешегіне бөлінгендігі жөнінде айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы Әсем Зайырова 2020-2021 оқу жылында ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімімен таныстырды. Жалпыға міндетті оқу қорынан тегін ыстық тамақпен 1-4 сыныптар арасында 49 оқушы және категориялы отбасылардан шыққан 5-11 сыныптар арасынан 16 оқушы қамтылып отыр. Соның ішінде ыстық тамақпен қамтылып отырған көп балалы оқушылар саны-26, аз қамтамасыз етілген оқушылар саны-2, әлеуметтік қорғалмаған-1, жартылай жетім оқушылар саны-2, толық емес отбасынан шыққан оқушылар саны-4, бастауыш сыныптың-30 оқушысы санатсыз. Жалпы алғанда биылғы жылы жалпыға міндетті оқу қорынан 65 оқушы ыстық тамақпен қамтылып отыр. Ыстық тамақтың құны 7-10 жас

аралығында 1 балаға 315 теңге, 10-17 жас аралығында 350 теңге болып бекітілгендігіне толық тоқталып өтті.

Оқушылардың тамақтануына жағдайдың жасалуы, асхана жұмысы, мектептегі санитарлық талаптардың сақталуы жайында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғалия Нағымжанова сөз алды. Сөзінде оқушылар мектепке келгенде әр оқушының дене қызуы өлшенеді және мектеп холдарында санитайзерлердің орналасқандығын жеткізді. Әр болқта мұғалімдерден және кіші қызметкерлерден апталық кезекшілік құрылып бекітілгендігіне тоқталды. Жалпы оқушыларды ыстық тамақпен қамтуға мектеп асханасы дайын екендігін жеткізе отырып, оқушылардың ыстық тамаққа кіретін уақыттарының әр түрлі екендігін және әр сынып кесте бойынша жекелей тамақтанатындығын, бала санының асхана ішінде 15 оқушыдан аспайтындығын айтып өтті. Асханада санитарлық талаптар қатаң сақталатындығын және жалпы оқушыларға ауыз судың санитарлық талапқа сай қойылмайтындығына тоқталды.

Төртінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Дәулет Ахметбеков ата –анамен мектеп арасындағы қарым қатынас мәселесіне тоқталды. Еліміздегі індетке байланысты пандемия кезінде ата –аналарға қолдау жасаудың артықшылығы жоқтығына тоқтала отырып, баласын мектепке әкелу бойынша ата-анаға санитарлық талаптармен таныстырылым ретінде жадынама, кеңестер берілу керектігін айтып өтті. Сонымен қатар аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларды бір реттік тегін бетпердемен қамту мәселесіне тоқталды. Бетпердемен қамту бойынша демеушілерді тарту бойынша жұмыстар жүргізіп жатқандығы жөніндегі мәселені ортаға салды.

#### Қаулы етеді:

- 1.2020-2021 оқу жылында жалпыға міндетті оқу қорынан мектеп оқушыларын бір мезгіл ыстық тамақпен қамту бойынша жұмыстарды өз бақылауыма аламын;
2. Ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізіміне категориялы оқушылар толық енгізілсін;
3. Оқушылардың тамақтануына жағдайдың жасалуы, асхана жұмысы, мектептегі санитарлық талаптардың сақталуы қатаң бақылауда ұсталсын;
4. Ата –анамен мектеп арасындағы қарым қатынас мәселесі бойынша жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.

Мектеп директоры  
Хатшы



К.Музафаров

Ғ.Аяпбергенова